

1. Өз ісімізбен айналысқымыз келеді. Мемлекет жағынан кәсіпкерлікті қолдаудың қандай түрлері бар?

2010 жылдан бастап облыста «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірінғай бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама шеңберінде 4 бағыт бойынша қолдау көрсетілу қарастырылған: жаңа бизнес-бастау, салалық қолдау, валюталық тәуекелділікті төмендету және қаржылық емес қолдау.

1. «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау»:

Қатысушылар- салалық шектеусіз ауылдық елді мекендерде, кіші қалалар мен моноқалаларда жобаларын іске асырып жатқан кәсіпкерлер. Кредит сомасы 750 млн. теңгеге дейін, 19% аспайтын номиналдық сияқы мөлшері, оның 10% мемлекет өтейді, ал айырмасын бағдарламаға қатысушы өтейді.

Субсидиялау мерзімі 3 жыл және 6 жылға дейін ұзарту мүмкіндігі беріледі.

Конкурс негізінде мемлекеттік гранттар беру:

Конкурсқа қатысушылар: ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, сондай-ақ әйелдерге, мүгедектерге және 50 жастан асқан адамдарға Бағдарламаға экономиканың басым секторларында және өңдеуші өнеркәсіп салаларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізінде беріледі.

Грант сомасы 3 млн. теңгеге дейін.

2. «Кәсіпкерлерді салалық қолдау»:

Қатысушылар- экономиканың басым секторларында және ИИДМБ айқындалған өңдеуші өнеркәсіп салаларында жобаларын жүзеге асырып жатқан кәсіпкерлер. Кредит сомасы кредит алушыға 4,5 млрд. теңгеден аспайды, 19% аспайтын номиналдық сияқы мөлшері, оның 7 % мемлекет өтейді, (егер жоба экономиканың басым секторларында және ИИДМБ айқындалған өңдеуші өнеркәсіп салаларында асырылған жағдайда 10 %) ал айырмасын бағдарламаға қатысушы өтейді.

Субсидиялау мерзімі 3 жыл және 6 жылға дейін ұзарту мүмкіндігі беріледі.

Айналым қаражатын ұлғайту мақсатында БЖЗҚ есебінен қаржыландырылған кредиттерді субсидиялау мүмкіндігі мен салалық шектеусіз және жобаның жүзеге асырылу орынына байланысты емес ағымдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыруды, 7 % және 10 % субсидиялау.

Индустриалды инфраструктураны дамыту:

Жетіспеушілік инфраструктураны тарту- су бұруды, сумен жабдықтауды (сумен жабдықтау үшін ұңғыманы бұрғылау), газдандыруды,

су таратқыштарды, бу құбырларын, жылумен жабдықтауды, өнеркәсіптік алаңдарға арналған қазандықтарды, су құбырларын, теміржол түйықтарын, теміржол кірме жолдарын, телефондандыруды, кіші электр станцияларын, электр тарату желілерін, септиктерді, бу-газ қондырғыларын, баламалы энергия көздерін салуға және реконструкциялау- келесі талаптарға сәйкес кіші және орта кәсіпкерлік жобаларға жүзеге асырылады:

- Жобаға инвестиция көлемі 400 млн.теңгеден кем емес;
- Құрылыс (реконструкция) инфраструктурасының құны 100 млн.теңгеден кем емес.

3. «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету»

Қатысушылар – бағдарлама шеңберінде экономиканың басым секторларында және ИИДМБ-да анықталған өңдеуші өнеркәсіп салаларында жобаларды жүзеге асырып жатқан және жалпы ақша пайдасының 10%-нан кем емес валюталық пайдасы болатын кәсіпкерлер.

Субсидиялау номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 19 %-дан аспайтын, оның 6%-ын мемлекет өтейтін, ал айырмасын бағдарлама қатысушысы төлейді.

Несие бойынша субсидиялау мерзімі – 3 жыл, 6 жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен.

Үш бағыт бойынша банк несиелеріне ішінара кепілдік беру:

Несие сомасы 20 млн. теңгеден артық емес ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің жобалары бойынша, кепілдік мөлшері несие сомасынан 85% құрайды.

Несие сомасы 180 млн. теңгеге дейін салалық шектеулерсіз және сомасы 360 млн. теңгеге дейін экономиканың басымды бағыттарындағы әрекеттегі кәсіпкерлердің жобалары бойынша, кепілдік мөлшері несие сомасынан 50% құрайды.

Бағдарламаның төртінші бағыты шеңберінде Кәсіпкерлерге мемлекеттік қаржылық емес қолдау

- «Бизнес-кеңесші», «Жас кәсіпкер мектебі», «Бизнес-мектеп», «Бизнес-Өсім» курстарында бастауыш және әрекеттегі кәсіпкерлерді оқыту;

- шағын және орта бизнестің топ-менеджментін оқыту;

- «Іскерлік байланыстар» жобасына қатысушылардың шет елдердегі тағылымдамасынан өту;

- «Аға сеньоралар» бағдарламасы –бизнес-жобаны жүзеге асыруға шетелдік мамандармен консультациялық кеңес беру;

- бизнесті жүргізуге сервистік қолдау және басқалар.